

Т. Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 3 «ә» сынып оқушыларына  
2021-2022 оқу жылындағы жүргізілген тәрбие жұмыстарының  
талдауы

2021-2022 оқу жылының басында тәрбие жоспары жасалынып, бекітілді. Жоспарға сай жыл бойына жұмыстар жүргізілді. Барлық тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушылармен дәстүрлі және дәстүрден тыс форматта түрлі шаралар өтті. Қыркүйек айының басынан бастап оқушылар мектепшілік шараларға қатысты. Тіл мерекесіне орай ұйымдастырылған онлайн қатысып, шараға тіл туралы ақындардың өлеңдерін оқыды. Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай ұйымдастырылған мәнерлеп оқу сайысында Жетпісбай Асылжан қатысып, I орын иеленді. Күзгі демалыс кезінде аудандық мұражайға барып, аудан тарихымен танысты. «Елбасы салған сара жол» атты тәрбие сағаты тұңғыш президент күніне арналса, Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған мерекелік шараға қатысты. Дербісов Нұрасыл мектепшілік сурет байқауына қатысып жеңімпаз атанды. Жана жылдық мерекелік шараға да оқушылар қатысып, өлең, тақпақтарын айтып, сыйлықтарын алды. «Мейірім әлемді құтқарады» аудандық бейнеүндеу жасау және сурет байқауына бірнеше оқушы қатысып, жүлделі орындар иеленді. Халықаралық әйелдер күніне орай «Қыз сыны» сайысы ұйымдастырылды. Ұлттық мереке – Наурыз мерекесі де аталып өтілді. Ұлттық ойындар ойнап, ұлттық тағамдар жеп, ұлттық әндер айтты. Оқушылар сонымен қатар үйірмелерге жыл бойы қатысып шықты. Спорт мектебі, саз мектебі, би үйірмесінің оқушылары жыл бойы ұйымдастырылған сайыстарға қатысты. Жүлделі орындар иеленді. Осындай жетістіктермен қатар, кемшіліктер де кетті. Сұлтанбаев Шыңғыс атты оқушым үшінші оқу тоқсанының ортасында, нақтырақ айтсам, 1 наурыз күні аудандық кітапхана жұмысшысының телефонын алып, ұрлық жасаған. Сол себепті ол оқушыны аудандық ішкі істер бөліміне наурыз айының аяғында тіркеуге алды. 2 наурыздан бастап, ол оқушыны мектепшілік тіркеуге алып психологпен бірлесе жұмыс жасадық. Бірлесе жұмыс жасаудың нәтижесінде Шыңғыс өзінің қателігін түсініп, оң көрсеткіштер көрсетіп келеді. Сонымен қатар тәртібіне байланысты Медетқылы Жанды мектеп директорының ұсынысымен ата-анасының келісімімен мектепшілік бақылауға алды. Оқушылармен мектеп психологі Сейталинадан Сандуғаш жұмыс жасайды. «Құқық бұзушылық неден басталады?» және «Бос уақытымда немен айналысамын?» тақырыбындағы тәрбие сағатына мектеп психологі Сандуғаш Сейталинадан қатысты. Мектеп психологімен бірлесе отырып тренингтер жасалып, түрлі тапсырмалар орындалды. Оқушылар бос уақытты қалай тиімді өткізетіндері жайында эссе жазды. Биылғы оқу жылындағы соңғы тәрбие сағатын балалардың өтініші бойынша, оқушы үнін ескере отырып, жазғы каникул кезіндегі қауіпсіздікте түсіндіре отырып, «Жігіт сұлтаны» сайысымен жалғастырдым. Бірлік күнгі және осы сайыс сабақтарына ата-аналар да қатысты. Сәуір айында сынып оқушыларымен аудандық мәдениет үйіне «Менің атым-Қожа» кинофильмін көруге бардық. Және де биылғы оқу жылында бастау алған «Жарық жұлдыз» номинациясын сыныбымыздан екі оқушы Жаңбырбай Амир, Жетпісбай Асылжан иеленді. Бұл оқушылар жыл бойы мектебіміздің атын спортта, өнерде жақсы нәтижелерімен танытып жүр.

Сынып жетекшісі:

 М.Куанбаева